

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 25 мамырдағы
№ ДС-196

Құрметті депутаттар!

Филиалдарды, оның ішінде Қаныш Сәтпаев атындағы каналды (бұдан әрі – ҚСК) «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны жүйесінен шығару жөніндегі депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекет басшысы 2016 жылғы 9 қыркүйекте Үкіметтің кеңейтілген отырысында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша 600 мың га суармалы жерді айналымға қосымша енгізу жөнінде тапсырма берді.

Осы тапсырманы орындау мақсатында республикалық бюджетке жүктемені азайту мақсатында халықаралық қаржы ұйымдарының (бұдан әрі – ХҚҰ) (*Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Ислам даму банкі*) қарыздарын тарту туралы шешім қабылданды.

Тартылған қаражат 4 облыстың, атап айтқанда Ақтөбе, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының суармалы жерлерінде коллекторлық желіні реконструкциялауға, қалпына келтіруге және күрделі жөндеуге бағытталды.

Алдын ала есептеулерден жоғарыда көрсетілген өңірлерде тарифтердің айтарлықтай өскенін ескере отырып, «Қазсушар» РМК-ның каналдар арқылы су беру бойынша қызметтер көрсететін барлық филиалдарының тарифтік сметаларын біріктіру және қарыз қаражатын олардың кірістері есебінен қайтаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұтынушылар топтары бойынша бірыңғай тарифтерді бекіту жөнінде шешім қабылданды.

Осыған байланысты бүгінгі таңда ҚСК филиалына дербес заңды тұлға мәртебесін беру мүмкін емес, себебі ол «Қазсушар» РМК-ның су беру жөніндегі бірыңғай тарифтік сметасына енгізілген және банктік қарыз төлеу бойынша міндеттемелері бар.

Сонымен қатар ҚСК филиалының техникалық жай-күйін, кадрлық және әлеуметтік саясатын жақсарту мақсатында қазіргі уақытта бейінді министрлік каналдың гидротехникалық құрылыстарын пайдалануға және оларға техникалық қызмет көрсетуге, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысын арттыруға қаражат

көзделетін келесі бес жылдық кезеңге арналған тариф, тарифтік смета және инвестициялық бағдарлама қалыптастыруда.

Сондай-ақ 2023 жылы өз қаражаты есебінен Павлодар және Қарағанды облыстарындағы №8 СС, 14 ҚСК-да КРУ-6кВ сорғы станцияларын, басқару панельдерін, өлшеу және кабельдік байланыстарды қайта жаңарту жұмыстары басталады.

Сонымен қатар каналды техникалық қайта жарақтандыру (жаңғырту) мәселесін шешу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді, оны республикалық бюджет және инвестициялық бағдарлама қаражаты есебінен іске асыру жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта «Қазсушар» РМК шешу жолдарын айқындау үшін қарыздардың қалыптасқан жағдайының өзгеруін (*құрылыс құнының ұлғаюы, волюта бағамының ұлғаюы, құрылыс мерзімдерінің маңыздылығы бойынша өзгеруі*) ескере отырып, қаржылық тиімділіктің есебін жүргізуде. Есеп айырысу және ХҚҰ-мен келіссөздер жүргізілгеннен кейін филиалдарды бірыңғай тарифтен шығару мәселесі қаралатын болады.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазсушар» РМК-ны су шаруашылығы объектілерін пайдалану тиімділігін жүйелі түрде арттыруға және су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған даму институтына трансформациялау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Ә. Смайылов